

Торғай көтерілісінің сарбаздары генерал Тургеневтің жазалаушы отрядын осында қарсы алып, қарусыз ауыл тұрғындарына патша жендеттері жантүршігерлік зорлық-зомбылық көрсеткен [1, 271 б.].

Қызбел – Жангелдин ауданы аумағындағы қырқалы жон. Ұзынынан созылып жатқан қыратты жер алыстан қарағанда қыз мүсінін елестетіп, орта тұсында жота жіңішкере келіп, қыз беліне ұқсайды. Сондықтан жергілікті халық бұл қыратты осылай атаған. Ол әрі қарай Қостанай бағытында Наурызым қорығының оңтүстік жағын ала Қызбелтауға ұласады. Беткелдері жыра, сайлармен тілімделген. Шығыс және оңтүстік етектері құлама жарбақтанып, Торғай қақпасына тіреледі. Қызбелді жаз бойы ел жайлап, мал бағады [1, 275 б.].

Жер-су мен елді-мекеннің тарихи атауларына тек қана атау деп қарауға болмайды. Атаулар қашанда жердің тарихын, атын ғана емес, халықтың жерге деген қамқорлығын тарихи танымын, ұрпақтың ата-мекенге деген жақындығын тарихи өлкені тануын білдірсе керек. Торғай даласындағы атауларға байланысты деректер біршама. Ғалымдардың жазған еңбектері де аз емес. Демек, сөзінде құпия жасырынған, ақиқат бейнеленген қазақтың жер-су атаулары жас ұрпақ үшін тұнып тұрған тағылым.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Торғай елі энциклопедиясы. Жоба авторлары: Т.Рсаев, Ж.Кенжалин, Ж.Бекболатұлы, Ғ.Әнес. Алматы-2013ж. 456 бет.
2. Память земли тюрко-монгольской: истоки и символика топонимов (Тюркский меридиан). Марат Семби. - Алматы: КазНИИК, 2013. - 296 с. (Серия «Труды КазНИИК». Том I)
3. Древний Тургай и великая степь: часть и целое. Сборник научных статей, посвященный 70-летию Виктора Николаевича Логвина. Ответственный редактор – А.З. Бейсенов. Қостанай-Алматы 2015ж. 532 с.
4. Тургайская область . Сырбай Мәуленов. Алма-Ата «Өнер» 1983 с. -60с.
5. Торғай даласын суландырып, толық игерейік. Қызжан Нұрғазин. «Қайнар» баспасы, Алматы-1975ж. - 80 бет.
6. Историческая топонимика Костанайской области. В5-ти частях. Научное издание. Часть I (Мендыкаринский, Узынкольский районы). – Костанай: ТОО«Костанайполиграфия», 2009. Абиля Е.А., Алибек Т.К., Байдалы Р., Күзембайұлы А., Мурзахметов К., Урманов К.Т. - 186 с.

ӘОЖ 902/904

## **ҚОҒАМ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ БАРЫСЫНДАҒЫ ӨТКЕНДІ САРАЛАУ**

### **Рысбергенов Мұса Ахатұлы**

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,  
тарих факультетінің АЭ-21 тобы студенті  
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Кез келген қоғамдық ғылымдардың мақсаты – қоғамның өзі зерттейтін бір қырын оң тұрғыдан дамыту болып табылады. Бұл тұрғыдан тарих ғылымдары ұлттың өзін-өзі анықтауына, оның идеологиясының қалыптасуына, қалыпты әлеуметтік пікірге әсер ететін негізгі қоғамдық ғылым болып саналады. Дегенмен, ұлт пен қоғамның бейнесін қалыптастыратын аталған пазлдар екі жақты сипатқа ие. Мына дүниеде әр құбылыстың шеткі көріністері болады, және өз мүддеміздің жүзеге асырылуы ретінде біз қай шеткі жаққа салмақ түсірсек те, сақтағымыз келген қазынамыздан айырылып қаламыз, немесе ол құндылықты тоздырып жібереміз, немесе сапалық тұрғыдан іске асуын нашарлатамыз. Нәтижесінде, танымның деформацияланып қалыптасуы, түбінде бізді алыстағымыз келген нәпақаға алып келетін болады. Бұл мақалада менің қарастырғым келіп отырған мәселе нақты

тарихи сұрақ емес, тарих сұрақтарның халықтың психологиясына әсері мен ондағы көрініс беруі. Яғни, тарих сабақтарының қазіргі этнопсихологиядағы қабылымы.

Тарих ғылымында басқа ғылымдардағыдай секілді, мамандардың тар шеңберінде талқылау деңгейі бар, және тарих мәселесіне қатысты бұхара халықтың санасына енгізілетін базалық түсініктер бар. Алғашқысы ғылым болып есептелсе, сонғысы оның жұмысының жемісі болып табылатын идеология болып саналады. Әрине, қоғамның монолиттілігі басты мақсат болып табылатындығымен, негіздеме терең дәлелдемелік база мен әрі нақты пысықталған тұжырымдардан тұруы қажет. Осы жағдайда ғана идеология салмақты, ал оны тасмалдушы халық тарихи кеңістіктегі кең орнына жасқанбай орныға алады. Ал тарих ғылымының тар шеңберінде тарихи процестер мен механизмдерді түсіне тұра, бұхара халыққа тарих ретінде біржақты эмоционалды ойларды ұсыну – тарих ғылымының қасіреті.

Осы тұрғыда бодандық тұсындағы тарихқа қарай отырып, қазіргі қазақ қоғамында қазақ елін отарлаушы деп саналатын Ресей мемлекеттілігіне қатысты жапа шегуші, жәбірленуші тұрғысынан сілтеме жасау психологиясы қалыптасып келе жатыр. Сөссіз, тарихи болған әділетсіздіктерді жария етіп, объективті талдаудың орны бір бөлек, бірақ, сол әділетсіздіктерді анықтай келе, қорытынды түрінде өткен тарихымызға негіссіз перспективаны іліп қою – идеологиялық жаңылу болып табылады. Бұл біздің тәуелсіздігімізді индивидуалдығынан айырады, және орын алған тарихымыз алдында бізді жоғарлатпайды, керісінше, біздің тұрақсыздығымызды көрсетіп, реңіш білдіретін елдің алдында өзін-өзі әшкерелеу сеансын өткізеді. Сонымен қатар тарихқа бұхара халықтың эмоционалды деңгейде қарауына түрткі болып, еліміздегі тарихи танымның дәрежесін төмендетеді, бұхара санасы құм үстіне салынған сарайға айналады.

Әрине, тарихи тереңдік пен мәдени байлықты зерттеу, қазақ даласындағы мемлекеттілік түсінігін қалыптастыру – дұрыс тенденция. Бұл тұрғыда менің жеткізгім келіп отырған ой қазақ даласының тарихи мұрасын күмәнға қою емес, керісінше, тарихи түсінікті алға қарауға орай ойдан өткізу ұмтылысы. Осы тұрғыда тарихтан алынған мағұлмат елді қателіктен қорғауы мүмкін, немесе алға жылжуға мүмкіндік беретін тұжырымдарды қалыптастыруға түрткі беруі мүмкін. Бірақ, біріншісі артық болса, тарихи негізде туындаған көпірме сақтық пен жасқаншақтық, ал екіншісі артық болса, түймедейден түйе шығып, қатерлі нәтижеге алып келуі мүмкін.

Постколониалды сатыдағы елдер жиі өзіне қатысты объективті анализ түрінде емес, тарихи орын алған реңішін жұбатуды ретінде қарайды, соған сәйкес алдағы болашаққа қатысты сананың өзгерісін бөгейді. Тарихи жеңіліс, оның салдары ретінде келген қиыншылықтар – шынайы орын алған жағдай. Дегенмен, егер біз шынымен де Орта Азияның регионалды державасы болғымыз келсе, шыныменде даңқты деп снайтын тарихымызға сай болғымыз келсе, соған сәйкесінше тарихи психологияға ие болуымыз тиіс. Бұл дегеніміз тарихтағы бодан болған мерзімді эмоционалды сілтеме ілмей қортуымыз қажет деген сөз.

Бұл тұрғыда бодан болған елде тарих пен мәдениет болған жоқ деген сөз емес, өзіндік қалыптасқан жүйенің салыстырмалы түрде алып қарағандағы жеткілісіздігінде, отарлаушы деп саналатын елдермен тең тұруға болатын деңгей қатарына көтерілмеуінде. Қалыптасқан тарихи шынайылықты қанша жерден жан жыртсақ та – өзгерте алмаймыз. Ал өзгертсек, тек санадағы жасанды плацебо дәрежесінде ғана өзгертіп, сол арқылы сананың ашық болуын қамтамасыз ете алмаймыз.

Осы тұрғыда Тойнбидің *«Жизнь примитивных обществ, подобна жизни кроликов, часто завершаются насильственной смертью, что особенно неизбежно при встрече их с цивилизациями»* [1, 86 б.] деген сөзін эмоциямен емес, санамен қарсы алсақ, қазақ халқы ерен жігерді тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен аман-сау қалуға жұмсағанын түсініп, тарихи сахнада салыстырмалы түрде ғана озық болуға болатынын көреміз. «Примитивные общества» деген сөзді «салыстырмалы түрде мешеу қалған» деген сөзбен алмастырсақ, тарихи сайыс құбылысының мәні анық бола түседі.

Бұл мақала өз кезегінде әлемдік үрдістерден тысқары жатқан қазақ халқы мен оның алдыңғы қатарлы азаматтары үшін неліктен алдымен әлемге ілесу үшін күш салуға тура келіп, тар жол мен тайғақ кешуге ұрынғандығы жайында, және, қазіргі тәуелсіз Қазақстанның ілесушілікті еңсеріп, ендігіде «оң коэффициентке» үлесуінің тарихи психологиялық қыры жайлы болмақ.

Иә, тарихи сахнаның заңдылығы бізді де айналып өткен жоқ, біздің де деңгейіміз өз кезінде тәуелсіз болу үшін жеткіліксіз болды. Бірақ, көптеген бұрынғы колониалдық елдерге қарағанда біздің даланың тарихы тереңде, біздің архетип оң сапа мен қасиеттерге ие, бірақ біз осы ресурсты дұрыс түсініп, дұрыс бағалауымыз қажет. Егер бізде шынымен де ауқымды, терең тарихи архетип болса, біз өзіміздің тарихымызға сәйкесінше қарап, болашағымызды да лайықты, индивидуалды санамен бағдарлауымыз керек.

Көп жағдайда біз нақты тарихи жеңіліс, не сәтсіздік туралы, оны тудырған әр себептер туралы айтар кезде сөз аранасын қазақ мәдениеті бай, еуропацентризмді жоққа шығару, орыс өктемдігінен туындаған көзқарастарды айыптауға ауыстырып жібереміз. Бұл – түсініктердің орнын алмастыру деп аталады. Бізге сәтсіздіктің тарихын талқылау ұнамайды, бізге «Біз – қазақ деген мал баққан елміз, Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз» дей келе «Кім бізбен не істеді?» деген мәселені қарастырған психологиялық тұрғыда жеңіл. Дегенмен еуропацентризмді өз шыққан жеріне қайтару – істің тек жартысы. Оның үстіне қолданбалы шынайылықта бұл бізге өз ішімізде аса пайда алып келе қоймайды.

Тарихтың қай кезін алып қарасақ та, ондағы бәйгеде озық болудың ортақ сапалық критерийлері бар екеніне көз жеткіземіз. Егер біз қазіргі заманның тұрқына назар салатын болсақ, қазіргі даму шарттары мен құралдары отырықшылықтан туындаған заңдылықтар жүйесінің жемісі екенін байқаймыз. Мұның негізгі себебі отырықшы өмір салты тарихи бәйгеде озуға алып келетін басымдылықтарды қалыптастыратын шарттарды өзінде басым дәрежеде қамтитын және қалыптастыра алатын жүйе болып табылуында. Отырықшы өңірлер мен халықтардың өз ішінде бұл шарттарды әр дәрежеде жүзеге асырған халықтар мен мәдениеттер бар. Бұл тұрғыда отырықшылық салт отырықшылық болғаны үшін өздігінен өрге домалайды деген сөзді білдірмейді. Отырықшылық негізді өрбітетін саяси, әлеуметтік, экономикалық комплексті факторлар түйіскен жағдайда ғана өмір сүру мен өзін-өзі жүзеге асырудың бұл формациясы сәттілікке кенелетін болады.

Адамзат тарихының дамуында мәдени дифференциация қалыптасқан неолит-қола дәуірлерін алып қарайтын болсақ, примитивті егіншілікке көшкен халықтар, аңшылар-балықшылар-терімшілер қоғамдарына қарағанда аз күш жұмысап, әлгілерді әлдеқайда басып озатын жан басына шаққандағы молшылықтың минимумына жетті деп айтуға мүлдем болмайды [2, 46-49 б.]. Аталған дәуірде алып мәдени ауқымы мен салмағы бар екі бағытты бөліп жаруға болады: отырықшылық және көшпелілік. Ал әлгіндегі өмір сүру формалары тарихи туындыдан гөрі адамзат жасауы мүмкін шаруашылықтың бастапқы түрлері деп айтуға болады.

Отырықшылық – табиғи жүйе. Егер адамзат табиғаттың дайын өнімін тұтынудан адам күшіне екпін қоятын шаруашылыққа көшкен болса, ең қалыпты бағыт қайда жатыр? Әрине, жерде. Жер – барлық адамзаттың аяғының астында, және мүмкін болса, адамдар сол жерден күн көруге тырысады. Көшпелілік бұл тұрғыда бейімделудің жемісі. Жер сол қалпы маңызды, бірақ әлдеқайда басқа мағынада. Сондықтан көшпелілік жолы –аномалиялық феномен, дамудың табиғи жолынан бөлініп шыққан бүйір бұтағы, спецификалық альтернативалық үлгісі деп айтуға болады. Осы орайда көшпеліліктің шаруашылық әдісі ретіндегі негізгі сипаттамаларына тоқталсақ:

1. Мал шаруашылығы экономикалық әрекеттің басым түрі;
2. Оның жайылымда малды жыл бойына жаюмен байланысты экстенсивті сипаты;
3. Белгілі жайылымдық аудандардағы мал шаруашылығы экономикасының қажеттіліктерімен байланысты мерзімді ұтқырлық;
4. Халықтың барлығының немесе көпшілігінің көші-қонға қатысуы;

5. Натуралды, яғни бірінші кезекте негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған экономиканың сипаты [3, 85 б.].

Жалпы алғанда, аңшылық пен балықшылықты аз күш жұмсау арқылы оптималды өмір салтын қалыптастырудың жарқын үлгісі деп сипаттауға болады. Бұл оны көшпелілік өмір салтымен туыстастырады. Себебі көшпелілік – өз табиғи ортасына сай шаруашылық оптималдығы, яғни жүзеге асырудағы жеңілдігі жағынан баламасыз болып табылады. Қай жағынан? Көшпеліліктен қарағанда аз күш жұмсап, көшпеліліктен артық сапа мен нәтижеге қол жеткізудің оңтайлы жолдың мүмкін еместігі тұрғысынан. Көшпелі жол дәл осы өз сабасын тауып алғаннан кейін, бұдан асуға мүмкіндік беретін әрекетке күш салудың негізділігін көрмеді деп айтуға болады. Отырықшы мәдени кеңістік үшін отырықшы салт өз кезегінде баламасыз ауыр жол. Отырықшы орта шаруашылық әрекет тұрғысынан жеңіл формаға көше тұра, дәл сол бейнетті отырықшылық шаруашылық бере алатын көрсеткіштерге жетудің балама жолын қалыптастыра алмайды.

Мұндағы басты мәселе көшпеліліктің әлемдік тарихтағы рөлі олардың демографиялық әрі экономикалық потенциалынан әлдеқайда жоғары екенінде. Қазіргі таңда өмір сүру әдісі мен қалпы жағынан біз көшпенділердің дәлме-дәл мұрагері емес екеніміз, және көшпеліліктің өзі дәстүрлі түрінде әлемдік шаруашылық практикадан тыс қалып қойғаны анық. Осы орайда біз көшпеліліктің әлем тарихы мен жаһандық мәдениетке қосқан үлесіне екпін қойып отырмыз. Дегенмен, түпкі мәселе әлемге көшпеліліктен тиген пайдада емес, көшпеліліктің өзіне деген пайдасында. Егер көшпелілік өзін-өзі сапалық тұрғыда алға жылжыта алмаса, әлемнің алға жылжығанынан не пайда?

Бірінші жағдайды алып қарастырсақ, көшпелілікті әлемдік керуенді жылжытушы, өзінің ылғи да қозғалмалығымен небір үрдістерді бастаушы әрі оларға дем беруші, жаһандық процестерге катализатор деп айта келе, көшпелі даланың өзі, ирония, бірақ бір орында тұрғанын жасырғандай боламыз. Әлем, сөссіз, көшпелілердің де біраз ықпалымен жылжыды, алайда айналып келгенде көшпеліліктің өзі алға жылжудан қалып қойды.

Дегенмен, мұндағы дилемма өте қарапайым: көшпелілік өзі актуальді болған уақытта отырықшы өмір салтынан артық, не кем болды дегенде емес, көшпеліліктің басқа болғанында. Екі өзін-өзі жүзеге асырудың жолы бірін-бірінің критерийлері негізінде өз кейіпін сақтап, өз ортасында сәтті өмір сүре алмайды, әсіресе бұл заңдылық көшпелілердің отырықшылыққа деген қатынасында аса байқалады. Сондықтан ұзақ уақыт бойы тек көшпелілер ғана өз кеңістігін оптималды игеріп, өз жүйесінің басымдылықтарына сүйене алды. Бірақ, отырықшылық даму жолы көшпеліліктің бұл басымдылығын еңсере алған сапаға жеткенде, көшпелілердің өз жерін оптималды игеруінен туындаған өзгеше басымдық та жойылды.

Міне, дәл осы себепке байланысты тарих – ұдайы жарыс. Айта кетер жайт, көшпелілік, оптималды жеңіл жол ретінде өте ұзақ уақыт бойы ең сәтті даму жолы болды. Көшпелілер бірінші болып және ауқымды түрде өз молшылығын арттырды. Бұған оның артық өнімді примитивті егіншілікке қарағанда айтарлықтай жылдамырақ әрі аз күш жұмсай тұра алатындығы мүмкіндік берді. Сондықтан көшпенділер қола дәуірінің өзінде кең миграцияларды жүргізіп, алып тарихи-мәдени қауымдастықтарды қалыптастырып отырған. Тарихи сахнада көшпелілердің өзіндік өмір сүру мүмкіндігінің тұғырлы артықшылығы сақталғанша сәтті өмір сүргенін айта кету керек. Яғни, бұл жүйеге өмір берген Орта Азия территориясының компромиссіздігі сонша, жаңа дәуірге дейін бұл жерде басқа қалыпта сапаны жоғалтпай өмір сүру мүмкін емес болды, және сондықтан бұл даланы игерген көшпелілер өзінің мобильділігі есебінен отырықшы әлеммен терезесі тең қатынас жүргізіп, онымен ара-қатынаста өзіне қажет мүддесіне қол жеткізіп отырған. Осы себептен бұл жердегі шаруашылық үрдістің төңкерілмей, түрөзгерістегі баяу қарқынымен өзінің шарасыздығына дейін өмір сүріп жетті.

Бұл жердегі ой көшпелілік жабық әрі автономды болғандықтан туындаған мәселе деген сөзде емес. Көшпелілік, әрине, отырықшы әлеммен ылғи да жанасып отырған. Тіпті, көшпенділерге қатысты тағы бір маңызды жайт, оның экономикалық өмірі, саяси-әлеуметтік

ұйымдасуы мен осы бағытта күрделенуі автаркиялық процесс емес, көптеген жағдайларда антиавтаркиялық деп айтуға болады. Себебі көшпелілердің шаруашылығы олардың қоғамдық және саяси ұйымдастырылуының толық емес дербестігіне, сондай-ақ олардың белгілі бір мәдени тәуелділігіне әкеледі. Көшпелі қоғамның саяси әрі әлеуметтік дамуы, мәдени тұрқы тек ішкі ғана емес, сонымен қатар сыртқы факторлармен, атап айтқанда, сыртқы әлеммен қатынастардың сипатымен, оның даму деңгейімен және ерекшеліктерімен анықталады. Жалпы кез-келген көшпелі қоғамның дамуын екі қырдан қарастыруға болады: ішкі жағынан, яғни өзінің әрекет ету ерекшеліктері мен қажеттіліктерінен тікелей туындайтын; сыртқы әлеммен қарым-қатынасының ерекшеліктері мен қажеттіліктерінен толықтай немесе ішінара туындайтын [3, 221-222 б.].

Мәселенің бастапқы позициясы көшпеліліктің осы кеңістіктегі негізгі құрал екендігінде. Сондықтан көшпеліліктен туындаған жүйенің де даму салалары белгілі бір рельефтермен жүріп отырған. Бұл дегеніміз көшпелі сапаның өз шеткі төбесі, оның дамуының өз жүйесімен шектелген жолдары бар деген сөз.

Ал мәдениетке келер болсақ, мәдениетті тарихи жарыста сәтті не сәтсіз болуға жағдай жасаған жетістіктердің жиынтық көрінісі деп, «мәдениет» ұғымын осы мағынадағы индекс ретінде қолдану – мағыналық жағынан «мәдениет» ұғымын дәл бейнелейтін қадам деп ойламайын. Яғни, мәдениет, тарихи бәйгеде сәтсіздіктер орын алған жағдайда да құнды болып қала береді. Керісінше, бәйгесін оздырған елдер мәдени категорияда сонысымен өздігінен артық болып шыға келеді деп айтуға болмайды. Мәдениет – өз алдына шығармашылық, өз алдына жетістік пен феномен. Ал бәйге оздыру саласы өзін-өзі жүзеге асырудың тар мағынадағы сапалық көрсеткіші.

Мысалы, бәйгелерін оздырған Ресей мен Қытай елін алатын болсақ, мәдениет қайсысында артық көрініс береді? Әрине, бұл әу бастан мағыналық жағынан дұрыс емес сұрақ. Менімше, бұл сұрақты дәл осы күйінде бірдей мәдени салмағы бар, немесе бір мәдени категорияда орналасқан, бірақ әртүрлі сипатқа ие көшпелі мәдениеттер мен отрықшы мәдениеттерге қатысты қолдану да дұрыс емес деп ойлаймын. Яғни, шаруашылық формасы – соның негізінде туындайтын мәдениеттің жалпы сипатын анықтайтын ең алыс бастапқы параметр. Сондықтан отырықшылықты алсақ та, көшпелілікті алсақ та, олардың өз ішінде мәдениеттің әртүрлілігі бар.

Яғни, мәдениетке келер болар болсақ, комплекске басып, өзіміздің мәдени қазынамызды басқа мәдени парадигмалармен салыстырып, «біз де сіздердің үлгілеріңізден кем емеспіз» деп жар салуға ұмтылудың қажеті жоқ. Бұл біздің сананы басқаларға мойындату арқылы өзімізге мойындата алмай жүрген ішкі тұншығу дәрежесінде қалдырады. Білгі да рефлексия арқылы салмақ жинауға ұмтылу – ішкі толыққансыздығы бар ашынып жүрген елге тән. Біздің мәдениетіміз тек біз үшін ғана құнды болып қала бермек. Біздің тарихымыз әлемге таныту арқылы салмақ жинау үшін емес, әлемде нық орынға ие болу үшін өзімізге берік болу тұрғысынан ғана құнды.

Оны әлемдік дәрежеде мойындатуға деген күйбеншілік түптеп келгенде бізге жаһандық сайыста ешқандай перспективаға жол ашпайды, бізге әлем тұрғындарның қызығушылығын тудырмайды, біздің елге деген ешқандай ерекеше симпатия мен нақты лояльділікті қалыптастырмайды, бізге нақты дивиденттерді әкелмейді. Бұл тек қана біздің иллюзиямыз, өзімізді алдыңғы әлем өкілдері алдында өзіміздің әлем тарихындағы ерекеше орнымыз бен үлесімізді дәлеледегіміз келетін ішкі ісігіміз. Түптеп келгенде, сындарлы уақыт туындаған сәтте біздің ерекшелігіміз бір долларға да тұрмайтын болады. Сондықтан тарихты сыртқа емес, ішкі ресурсқа бағыттаған әлдеқайда ұтымды.

Әрине, бодандық – тарихи орын алған жағдай. Алайда сол тарихи кезеңді ішкі эмоционалды, саналы деңгейде аттап өте алмай, ылғи да тарихи кінәлілерді іздеп, өткенімізге «қанаушылармен шектелген теоретикалық перспектива мен потенциал» тұрғысынан қарасақ, бұл біздің қазіргі таңда әлі де тарихи орнықпағандығымызды, дамудағы шарасыздығымызды көрсетеді. Менің түсінігімдегі «теоретикалық перспектива мен

потенциал» деген сөзді «тарихи популизм» деуге болады. Тарихқа комплексті түрде қарасақ, ондағы өзгерістердің жүруі комплексті факторларға байланысты екенін түсінеміз.

Өз кезегінде «Әбілқайыр Ресейге алданбағанда...», «Абылай ханға Үш жүз жаппай қолдау көрсеткенде...», «Көтерілістер стихиялы түрде болмағанда...», «Шоқан Уәлихановты қасақана өлтірмегенде...», «Кенесары жеңіске жеткенде...» деген популистік, жекелеген жағдайлар мен тұлғалар ғасырлармен қалыптасқан заңдылықтарды бастан аяқ төңкеріп, бірімен-бірі тізілген комплексті мәселелерді өзгертуші еді деген ойларға сену – өзімізді алдау болар еді. Тарихқа инструменталистік негізде қарауға болмайтынын әрбір сауатты адам білуі қажет. Себебі аталған сұрақтарға шынайы жауап берер болсақ, түптеп келгенде комплексті сұрақтарға жауап іздеуге тура келеді. Ал жоғарыдағы сұрақтар – бір мәселенің әрқалай көрініс беруіндегі және әр жолмен шешілмеуіндегі түрі болып табылады.

Ресей империясында, одан кейінгі Кеңес Одағында қазақ халқы де-факто тәуелді ел позициясында болғандықтан, бізге қатысты объективті әділетсіздік, кейбір кезде қылмыс деп тануға болатын әрекеттер жасалынған болатын. Сонымен қатар көшпелі мәдениет жабайы, алғашқы қауымдық немесе тағылық емес екендігі де дәлелденді. Мәселе бірінші тұжырымға сүйеніп, басқалар ылғи да бізді басып отырды деп тарихи объективтілікті өзімізге қатысты қолдануды ұмытпау, және екінші тұжырымға сүйеніп қазақ тарихын вакуумда қарастырмауда болып табылады.

Олай болмаған жағдайда біз бодандыққа алып келген факторларды жоқ қылғандай боламыз да, тарихи претензия білдіретін халыққа, мемлекетке қатысты «Мен сенің қол астыңа түсіп қалдым, неге мені жөнді асырамадың?» деген аңқау дымбілместің кейіпінде боламыз. Егер тарихи сана тұрғысынан ойлап, аналогия ретінде Еуропа елдерінің колониялық модельін алып қарасақ, «қай ел, және қай жағдайда біздің тарихымызды өз уысында ұстай тұра, бізбен аса жоғары солидарлық танытуы керек еді?» деген сұраққа ұрынамыз.

Оның үстіне тарихи объективтілікті ысырып, «біз бәріне өзіміз қол жеткізе алар едік» деген негіссіз позицияны ұстанатын болсақ, бұл «отарлаушы» деп саналатын елдің көзінше біздің индивидуалдығымызды дәлелдемейді және олардың империялистік тұжырымдарын қайта қарастыруға серпін бермейді, керісінше, бізді олардың көзінше қалыптаспағанымызды көрсетеді, олардың санасындағы «бұрынғы аборигендердің постколониалды өркөкіректігі» синдромы деген ойды күшейтеді. Сондықтан біздің идеологиялық жұмысымыз объективтілік арқылы аталған ойлардың өршуіне жол бермей, табандылықпен қайтару болып табылады.

Қазақ халқы үшін XIX ғ. орта ширегінен басталған нарықтық, одан әрі жалғасқан индустриялық бетбұрыс өте ауыр тиді. Себебі, отырықшы өңірлерден қарағанда, индустриялық өзгеріс біздің халықты оның дәстүрлі өмір сүруі әдісінен 180° қарай бұрып алып кетіп, біздегі өзін-өзі жүзеге асыру қалпы қысқа уақытта радикалды өзгеруіне байланысты трагедиялық салдарға душар етті. Өкінішке орай, сол кездегі қазақ халқының тағдырын уысында устаған басшылар біздегі шынайылыққа егжейлікпен қарамады деп айтуға болады.

Осы тұрғыда біздің түсінуіміз қажет тарихи шарт бар: бірде-бір өркениет немесе халық, басқаны өзі секілді жақсы көруге, өзін жұбатқандай жұбатуға тиіс емес. Бұл – нағыз шынайылық. Егер құлдың өзінің мырзасына қатысты реңіші мен зары, қандайда бір талабы тұрғысынан қарауды алға тартсақ, онда өзімізге деген негіссіздік артады, және өз ішімізде ресейлік бодандық дәуіріне қатысты жапа шегушілік қортындылар жасаудан аса алмаймыз. Өткенді өзгерту мүмкін емес, бірақ өткенде болған қатерге қайта ұрынбаудың мүмкін екендігі – тағы бір шынайылықтың қыры. Тек қана осы мүмкіндікті дұрыс игере білу қажет. Қайтарып алу мүмкін емес ақыны зарлау үшін емес, осы мүмкіндікті жүзеге асыру үшін біз бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетпіз.

Тарихи сана бізде бар болса, біз қандай да бір халық немесе мемлекет өз орнын мығымдап, өз салмағын арттырғысы келсе, сәйкесінше объективті шарттарға сай болуы тиіс екенін түсінеміз. Егер осы ойды шарт, тарихи-популистік ойларға сүзгі түрінде алып

қарастырсақ, біз қазақ халқының тарихи тәуелсіз мемлекеттілігіне объективті түрде қарай аламыз.

Осы тұста ең алдығы сұрақ: «Қазақ хандығы сәтті тарихи проект пе?» Белгілі бір дәрежеде иә. Себебі өз тарихының бастапқы кезеңінде қазақ мемлекеттілігі өз көршілерінің арасынан бәйгесін оздырып, тарихи сахнада қала білді. Қалыптасу мен орнығу сатысында Қазақ хандығын сәтті тарихи құбылыс деуге болады. Бірақ бұның біз қандай сапада жүзеге асқанын, қандай орта мен тарихи кезеңде мүмкін болғанын түсінуіміз керек.

XV-XVI ғасырдағы Орта Азия – бұл оты өшіп бара жатқан кеңістік болды. Ұлы Жібек жолымен байланысты серпінді былай қойғанда, түркі-моңғол дәуіріндегі көшпелілік консолидация үлгісінің инерциясы да сөніп бара жатқан кезі еді. Орта Азия территориясы түркі және түркі-моңғол тұсындағы маңызы мен басымдылықтарынан айырылғаннан соң өзіндік тарихи вакуум мен тұйықталған стагнацияда қалған болатын.

Осы тұрғыда көшпелі мемлекеттіліктің Орта Азиядағы соңғы көріністерінің бірі болған Қазақ хандығы өзінің алдындағы көшпелі мемлекеттілік тәжірбиесін толық қолдана да, сапалық дамыта да алған жоқ. XVI-XIX ғ. қазақтардың тарихы, белгілі бір қысқа мерзімдерді қоспағанда, олардың саяси формацияларының үздіксіз құлдырау тарихы және, сәйкесінше, «ақ сүйектің» нақты күшінің құлдырауы болып табылады [3, 294 б.]. Өз кезегінде мұны тарихи тұрғыда айғақтап берген Жоңғар империясының өмірі болды. Жоңғар мемлекеттілігінің өз дәуіріндегі көшпелі мемлекеттілік үшін бір саты жоғары бола тұрғандағы құлдырауы — Қазақ хандығының перспективасына диагноз болып табылады.

Бұл бір жағынан алып мемлекет, немесе үлкен мәдени құбылыстың құлағанда, оның орнына пайда болған жекелеген елдерде сапалық нашарлаудың пайда болатын объективті құбылыс. Алайда Қазақ хандығының Қазақстан Республикасы алдындағы кемшілігі, Қазақ хандығы алып елден қалған мұраны қалыптасқан жағдайға орай жаңа сапаға көшіре алмауында. Қазақстан Республикасының алдағы амбицияларына қол жеткізу үшін осы тарихи сәтті дұрыс түсіне білуі қажет.

Бытыраңқылықтан консолидацияға дейін тербелмелі тұйықталған тенденция көшпелі мемлекеттілікті перспективасыз етеді. Бұл дегеніміз шым-шытырқ жүріп отырған ретсіз процесс дегенді білдірмейді, бірақ көшпеліліктен туындайтын оның өз ішіндегі әлеуметтік әрі саяси мәселелердің даму заңдылықтарының салдары болып табылады. Көшпелілік жағдайы табиғи түрде ұйымдастырушылықтың, консолидацияның төмен қарқыны мен дәрежесіне жағдай жасайды.

Әдетте, көшпелі даладағы ішкі саяси-әлеуметтік проблематика соны шешуге бағытталған реакцияны тудырып, көшпелі даладағы ауқымды жаугершілік, мемлекет құру процесімен байланысты консолидациялық интеграцияны туындатады.

Көшпелі далада ұйымдастырушылық процеске алып келетін маңызды саяси-әлеуметтік мәселелерге мыналар жатады: негізгі ресурстарды ұтымды бөлу қажеттіліктері, көші-қон жолдарын белгілеу және реттеу, өндірістік процестерге қажетті белгілі бір ішкі тәртіп, қорғаныс қажеттіліктері, мал, жайылымдар мен өңделген жерлер үшін күрес, көші-қон және соғыстар, көшпелілердің кейбір топтарының басқаларын бағындыруға деген ұмтылысы, сыртқы отырықшы әлеммен қарым-қатынастары мен өзара әрекеттесу ерекшеліктері және т.б. Бұлар процестердің көшпелі дала ішіндегі реттелуіне сыртқы әлеммен қатынас та елеулі рөл атқарады. Бұл жағынан көшпелілік жабық орта болып саналмайды.

Дегенмен, көшпелілерде туындаған тарихи процестің барысында өрбіген саяси әрі әлеуметтік түрөзгеріс пен даму, өз кезегінде көшпелі мемлекеттілікке өзін бастапқы қозғалыс нүктесіндегідей кейіпін сақтап қалуға мүмкіндік бермейді. Көшпелілердің ауқымды саяси-әлеуметтік әрекетінен туындаған көшпелі мемлекеттіліктің даму тізбегі, кейін келе көшпелі жүйе еңсере алмайтын ауыр салмаққа айналады. Солайша әрекеттен туындаған проблематикалар саяси-әлеуметтік процестің күйреуіне алып келіп, бытыраңқылық әсерімен өрбіген жүйе ыдырайды, оған шаруашылықтың да бір сипатта болуы әсер етеді.

Көшпелілікке негізделген қоғамдарда өндірістік цикл олардың әлеуметтік ұйымдарының ең төменгі деңгейлерінде қамтамасыз етілген. Бұл тұрғыда ауыл деңгейінің күші малды жаюға, табиғи ресурстарды пайдалануға, қажетті өзара көмек пен ынтымақтастықты ұйымдастыруға жеткілікті. Көшпелілер арасында ұйымдастырудың жоғары деңгейінің болуы өндірістік процестерге тікелей байланысты емес, сондықтан олар экономикалық емес, ең алдымен, қоғамдық-саяси негізде туындайды.

Көшпелілердің әлеуметтік-саяси ұйымының ең жоғары деңгейлерін өмірге алып келетін ең алдымен әлеуметтік қажеттіліктер деп айтуға болады, ал олардың маңыздылығы көшпелі қоғамдарда белгілі бір интеграцияға деген ұмтылыстар күшейу барысында артады [3, 256-257 б.]. Былайша айтқанда, көшпелілер үшін күрделі саяси-әлеуметтік процестердің басталуы мен дамуы қандайда бір ішкі мәселенің пісіп жетілуі, немесе оны қоздырушы сыртқы фактор қажет. Нәтижесінде, көшпелі саяси ұйымдасу мәселе мен жауапқа негізделіп, ол көп дәрежеде конфликті жолға алып келіп отырған.

Көшпелі бірлестіктердің саяси функциялары оның сыртқы әлемге, ең алдымен отырықшы, ал ішінара көшпеліге қарсы тұруынан айқын көрінеді. Саяси интеграция факторларының көпшілігі, сондай-ақ көшпенділер арасында биліктің шоғырлануы мен орталықтандырылуы олардың басқа отырықшы және көшпелі қоғамдармен қатынасымен байланысты болуы кездейсоқ емес [3, 260-261 б.].

Көшпелі мемлекеттіліктің орталықтандырылу дәрежесі мен оның күші оның әлеуметтік дифференциациясынан әлсіз болып келеді. Ал өз кезегінде әлеуметтік дифференциацияның өзі көшпелі қоғамда терең бола қоймайды. Көшпелі қоғамдардағы әлеуметтік дифференциация мен саяси билік көздері жеткілікті тұрақты және сенімді емес. Экономикалық тұрғыдан алғанда, көшпелі мал шаруашылығының қалыпты кемшіліктері мен қиындықтары бір көшпелі топқа басқалардың есебінен кез-келген маңызды және тұрақты артық өнім алу мүмкіндігін сирек ұсынады. Мәдениет тұрғысынан бұған ұтқырлықпен, көші-қон қажеттілігімен және өмірдің бірдей түрі кедергі келтіреді. Әлеуметтік-саяси жағынан қиындықтар әр түрлі себептермен туындайды: саяси институттардың әлсіздік мен дамымағандығы, әлеуметтік ұйымның сегменттік сипаты мен жеткілікті мәжбүрлеу аппаратының болмауы.

Көшпелі қоғам тек ішкі даму арқылы тұрақты әлеуметтік дифференциацияға жеткілікті мүмкіндіктер жасай алмайды. Бұл жағдайда сыртқы фактор тұрақтандырғыш ретінде әрекет етуі керек. Ол өзін әртүрлі жолдармен көрсете алады: бағынышты және каналушы отырықшы қоғамдардан алынған артық өнімнен бастап, немесе отырықшы мемлекетпен саяси әрекет. Осылардың ықпалымен көшпелі қоғамдағы әлеуметтік дифференциацияның өсуі мен күшеюі орын алады [3, 277-278 б.].

Тұтастай алғанда, көшпелі қоғамдарда саяси орталықтандыру отырықшы әлемге қарағанда онша айқын емес. Дегенмен, айырмашылықтар сапалық емес, сандық, құрылымдық емес, функционалды жазықтықта жатыр. Көшпелілер арасындағы орталықтандырылған басқару функциясының өзі, әдетте, тар ауқымды қамтиды. Негізгі саяси шешімдер мен қоғамдық істердің бағытын, негізінен, ақсүйектер қабылдайды және жүзеге асырады, бірақ ең маңызды шешімдердің аз ғана бөлігі жоғары деңгейде қабылданады. Осыдан көшпелі саясатта орталықтандырылған басшылықтың болмауы туралы емес, олардың салыстырмалы түрде аз орталықтандырылған, салыстырмалы түрде функциялары жағынан біркелкі таралмаған әрі бұлыңғыр басқару жүйесі туралы айту дұрысырақ болады [3, 281 б.].

Қалыпты жағдайда шешім қабылдау үшін заңды және мәжбүрлеу күшінің болмауы көшпелілер басшылығына отырықшылар саясатына қарағанда да көп дәрежеде тән. Ыдыраудың алдын алудың тиімді құралдарының болмауы отырықшы қоғамдарға қарағанда көшпенділер саясатына тән. Орталық басшылықтың көбінесе ситуациялық сипатқа ие бұлдыр тұрқы және оның шектеулі функцияларына байланысты, жоғары биліктің төменгі сатыларда функционалды дубликациясы болмауы көшпелі саяси құрылымға тән [3, 283-284 б.].



Салыстырмалы шағын рулық қауымның шеңберінде өмір сүретін көшпелілердің санасындағы біртұтастық ауқымы руға бекітілген, ал көшпелі дала осындай көптеген берік рулық санадан, рулық құрылыстан тұратынын ескерсек, аталған жағдайда көшпелілердің табиғатындағы табиғи еркіндікке деген бүйрек бұруы авторитетті билікпен аса қатты резонансқа түспейтіні анық бола түседі. Өмір сүрудің формасы өзгермейінше, циклдік проблематикалардың ыдырамайтыны мен динамикалық қозғалыстың болмайтыны анық. Осылайша, көшпелі мемлекеттер ылғи да бірін-бірі алмастырып, бірі құлдырағанда екіншісі көтеріліп, бұл процесс ылғи да осы күйімен жалғасып отырған. Осы тұрғыда көшпелі мемлекеттіліктің саяси осалдығын ақтар болсақ, біз міндетті түрде көшпелілердің саяси архетипі мен мемлекеттілік санасы жоқ деген қорытындыға тап боламыз. Олай болса, керісінше, конструктивті ойларды табу үшін, біз көшпеліліктің саяси аспектісін толығымен қарастыруымыз қажет.

Жоңғар-қазақ соғысы да көшпелі дала үшін типтік сюжет болып табылады. Жеңімпаз қай көшпелі мемлекет болса да, ол өз кезегінде типтік тарихи рельефтер бойынша құлдырамаудың амалын қарастыратындай қайта өзгере алмайды. Солайша мемлекеттілік өз ішінен дискредитацияға ұшырап, көшпелі мемлекет үшін паталогиялық кедергілерге жеткенше өмір сүреді. Қазақ хандығы да осы циклді бастан кешірген типтік көшпелі мемлекет болды.

Көшпелі шаруашылық саяси жүйеге де шешуші әсер етеді. Біз білетіндей, көшпелі шаруашылық – натуралды формация болып табылады. Яғни, шағын ауылдар өз-өзін аспен, қажетті құралдармен қамтамасыз ете алады. Ауқымды территорияда шашыраңқы өмір сүрген көптеген рулар мен олардың тармақтары даланың саны аз қожайындары болғандықтан, олар белгілі бір жағдайда өздерінің автономдығын жақсы сезіне алады. Әр ру мен тармақ белгілі негізгі позициялар бойынша бір-бірінің шаруашылығы мен ішкі істеріне араласпайтынын, яғни бір-бірінің автономдығына қол сұғып, даладағы өз орнын қатерге тігуге мүдделі емесе екендігін шарт түрінде алсақ, қандайда бір халық тығыздығы туралы айтуға келмейтінін естен шығармай, осы факторларға шаруашылықтың натуралды сипатта екендігімен тұйықтасақ, белгілі бір саяси көріністі қалыптастыруға болады. Яғни, көшпелі ру-тайпалар үшін орталық мемлекетке қарау, мемлекеттік тұғыра сүйене отырып өз өміршендігіне кепіл алу – әрқашан жалғыз жол емес. Сондықтан көшпелі далада орталық биліктің көштегі руларға деген күштеу тетіктерінің терең темірқазығы орнатылып отырды деп, бұны көшпелі саясат үшін заңдылық ретінде айтуға келмейді.

Консолидациялық фактор – көшпелі мемлекеттердің басты проблематикасы. Себебі көшпелі мемлекеттердің негізгі ұяшығы болып табылатын рулар мен тайпалар қолайлы жағдайда өзінің еркіндігі мен суверинитетін жақсы сезінетінін айта кету керек. Көшпелі мемлекетте мемлекеттің негізгі ұяшықтары мемлекетке экономикалық түрде тәуелді болмағандықтан, көшпелілік консолидация нәзік болып келеді. Бұл өз кезегінде көшпелі мемлекеттіліктің саяси тетіктер арқылы бірігуін осал етеді. Билігі басым ресурс пен одан туындайтын артық күшке негізделмеген мемлекетте, формальді тетіктер өз күшінен дағдарысты кернеу жағдайында айырыла бастайды. Ал саяси түрде монолитті болып табылмайтын қоғамда, саяси билік те әрқашан монолитті, унитарлы жүре алмайды. Бұл өз кезегінде көшпелі мемлекеттіліктің саяси осал тұсы болып табылады. Себебі оның түп-тамырын, яғни көшпелі шаруашылық пен көшпелі формацияға тән этникалық топтарға бөлінуді шешудің мүмкін еместігінде болып табылады. Этникалық-саяси біртұтастық дәрежесінің төмен болуы – Шығыс әлеміне тән ортақ тарихи проблематика деуге болады. Себебі әрбір адамда бірінші орында клан, тармақ, ру секілді ұсақ біртұтастық формасының тұруы — мемлекеттің саяси іргетасының потенциалды құлауға дайын тұрған тұрқы болып табылады.

Қазақ қоғамының басты тарихи перспективалық мәселесі – оның дамуының тұйықталуында, көшпелі шаруашылықтың өз максимумына әкеліп, өзгерістерге орын қалмауында. Қаншалықты көшпелілік ерекше мәдениет, оның өзіндік жетістіктері мен жалпытарихи рөлі болған десек те, жеме-жемге келгенде бұлар, әрине, феноменалды мәдени

экспонат, бірақ өзгере отыра басымдылық тудыруға жеткіліксіз жүйе. Осы тұста Тойнбидің келесі бір сөзін келтіруге болады: *«Примитивные общества (салыстырмалы түрде мешеу қалған – Р.М.) похожи на засохшие стволы, который сохранился и после того, как жизненные соки перестали поддерживать его» [1, 91 б.]*. Тарихи сахнаның заңдылығы осыда.

Ал егер көшпелілікті тарихи феномен ретінде кеңістіктік вакуумда алып қарасақ, көшпелілік өзінің тәуелсіз, ғасырлармен тұрақталған өмірін жалғастыра алады деп тұжырымдай аламыз. Ал егер тарихқа тәуелсіз өмір сүру мен даму үшін тарихи жарыс, сайыс деп қарасақ, сөссіз тарихи жеңілісті, яғни сол жеңіліске алып келген факторларды мойындауымыз қажет болады. Бұл жерде қазақ халқы этнос ретінде ақылымен, не күшімен кем болды деген сөз емес, тек қана көшпеліліктің шаруашылық-экономикалық форма ретінде, содан туындайтын саяси-әлеуметтік әрі психологиялық жүйе ретінде перспективасыз екенін алға тартуымыз қажет.

*«Царизм далалық өмірдің дамығанын қаламады, сондықтан қарқыны өсіп келе жатқан жәрмеңкелерді жауып отырды».*

Біріншіден, сол жәрмеңкелер көшпелілердің тәуелсіздігі тұсында, өз-өздеріне қожайын болып, шаруашылықты өздеріне үйреншікті түрде жүргізген кезде пайда бола алды ма? Иә болса, неге жәрмеңке феномені Қазақ хандығында қалыптаспады? Екіншіден, осындай тұжырымды алға тарта, біз тауар мен нарықтық қатынастардың қажет болғанын түсініп, көшпеліліктің бұл тұрғыда перспективасыз екенін мойындаймыз. Үшіншіден, көшпеліліктің перспективаға мүмкін емес екенін мойындай келе, біз келесі кезекте көшпелі қазақ халқы үшін отырықшылық формада ғана дамитын құралдардың қажет екенін мойындаймыз.

*«Отарлаушы режим қазақ тұлғаларының қызметін тұңшықтыруға тырысты».*

Осы тұста біз қазақ тұлғаларын екі ірі категорияға бөліп қарастыруымыз қажет. Бірінші топ шынайы оймен болса да, дәстүрлі шаруашылық-экономикалық, саяси-әлеуметтік формацияның жақтаушылары; екінші топ – прогрессивті интеллигенция.

Бірінші топтың әрекеті ешқандай перспективаға ие болмады. Бұл топ отаршылыққа қарсы болғанымен, прогресс көздерін де, прогрессивті ойларды да білмеді. Сәйкесінше, перспективасыз парадигмадағы өмір жалғасатын болса, ол динамикалық өзгергіш дәуірде ешқандай тарихи жетістіктерге алып келе алмайды. Бірақ, ақыр аяғында өзгерістерге тап болған кезде, радикалды бұрылыс неғұрлым ауыр тиетін болады. Бұған дәлел ретінде Моңғолия еліндегі революциялық өзгерістерді айтуға болады. Тіпті Ресей империясы өзін-өзі өзгерте алмағандықтан, революциялық өзгеріс салдары Ресейдің өзіне де ауыр тиді. Қазақстанның оңтүстігіндегі Хиуа, Қоқан, Бұхара секілді мұсылман елдеріне де Ресей империясы бір жарым ғасыр кеш келгеніне қарамастан, олар алға қадам жасай алған жоқ, сондықтан аталған бір жарым ғасыр ішінде бұл елдер өз бодандығын тек шегерген болатын.

Біз үшін жағымсыз Ресей империясының құлауы да мағыналық жағынан біздің тағдырымызға ұқсас, тек қана дәрежелік жағынан басқа категорияда ғана. Отан соғысынан кейін айқын болған, Ресейдің ішкі істерді жүргізуіндегі пісіп жетілген мәселелердің шешімі тұңшықтырған болатын. Бір ғасырда бұл стагнация жинала беріп, мәжбүрлі түрде қабылданған, яғни «не благодаря, а вопреки» жасалған өзгерістер баяу, қарқынды емес, әрі бір ғасырлық уақытқа тұратын, көптеп күтілген өзгерістер дәрежесіне сай болмады. Нәтижесінде, тың идеядан пассионарлық алған революцияшыл топ бір уақытта елді бастан-аяқ төңкеріп, шұғыл әрі радикалды әдістермен елді тез арада артта қалған күйінен алып шыққан болатын. Демек, тарихтың дөңгелегі бәрібір жылжыды, импульс жарылып шықты, бірақ мұның құны өте ауыр тиді. Ал сол пассионарлы топ тың идеяны ресейлік элита ойының дамуынан емес, сырттан алған болатын. Яғни, сол уақыттағы аса прогрессивті-радикалды топтың өзі бұл жүйені өз шығармашылықтарымен емес, көшіріп алынған идеология негізінде құрды. Сондықтан да ол қатерлі жүзеге асырлды. Бұдан біз үшін шығатын қортынды әрі жалпыадамзаттық заңдылық – мағыналық тұйықталу мен стагнация әрқашан қасіретті салдарға алып келетінінде.

Демек, реакцияшыл ақын-жыраулар, көтерілісші батырлар мен хандар, қаншалықты шынайы сезіммен әрі негізді түрде отаршылдыққа қарсы болса да, олардың өздері әлемнің алдыңғы жетістіктерімен таныс болмады, заманауи елдің қандай болуы керек екенін білмеді, тіпті дәстүрлі көшпелі мемлекеттіліктің проблемалық тұстарын шешудің жолдарын ұсына алмады деп айта аламыз. Сондықтан аталған тұлғалар Ресей империясы секілді алпауыттан емес, «стагнациялық қоғам» деген алып қабырғаға маңдайымен соқтығысып, жеңіліске ұшырай берді.

Олар тәуелсіз өмірді қалады, бірақ тәуелсіз өмірге алып келетін шаруашылық пен дамуды құрастыруға қауқарлы болған жоқ, сонымен қатар, қайта тәуелсіз елдің саяси-әлеуметтік қырын модернизациялауға мүдделі болмады. «Бірігіп, күш жинасақ – сүзіп аламыз» деп ойлады, бірақ сол бірлікті туындатудың жолдарын білмеді, солай бола тұра елдіктегі ілгері өзгерістерді туындатамыз деп ойлады. Бірақ, өкінішке орай, көшпелі даладан тыс әлем ендіге тым басқа деңгейде екенін біле алмады.

Әр ел өз мүддесі үшін қауқарлы бола алмаса, оның азабы ешқашан тусылмайды. Әрине, қазақ халқы жапа шекті. Бірақ қазіргі таңдағы ұрпақ осы азаптың барысы мен салдарын еш түйін жасамай қайталай берсе, бұл тарихты өзгертеді ме? Жоқ. Бірақ болашақты деструктивті тұрғыдан өзгертеді.

Сәйкесінше, егер қандай да бір жолмен мемлекеттілік қалпына келген жағдайда, мемлекеттің басындағыларынан бастап жаңа парадигмаға дайын емес болмауына байланысты, өзін-өзі басқару үшін қайта қалпына келген мемлекет өзінің ескі басқару құралдарына қайта оралар еді. Оның үстіне мемлекеттілігіне қайта оралған ел шошыну мен өз-өзіне келу, тізгінді өзіне қайтарумен байланысты тәуелсіздік алған елден эмоционалды көтеріліс барасында тұйықталып, өзін отарлаған алдыңғы сатыдағы мемлекетпен байланысын үзер еді. Бұл өз кезегінде дәстүрлі парадигмадағы мәселелердің циклін қайта бастауға алып келер еді.

Екінші топ – қазақ халқының интеллигенциясы. Бұл тұлғаларда ой болғанымен, тізгін жоқ болды. Осы орайда «Неге бізге қанаушы ел тізгінімізді бермеді?» деп ойлау – тарихи санаға сай ой ма? Керісінше, «Неге интеллигенция тәуелсіздік кезінде қалыптаспады?» деген объективтірек секілді. Себебі бірінші жағдайда мәселенің басы бізге тәуелді емес. Ал екінші жағдайда, қойылған сұрақ толығымен біздің құзырымызға бағынады.

Ендіше, неге интеллигенция қазақ даласында екі жарым ғасырға кеш пайда болды? Көшпелі парадигмада бұл мүмкін емес болғандықтан шығар? Егер біз тарихымыздың болашағы ХХ ғасырдың басында бәске тігіліп еді, бірақ интеллигенцияны бізге қарсы әдейлеп тұншықтырды десек, біз қандай қорытындыға келеміз? Әрине, интеллигенцияның рөлі мен потенциалы мардымсыз деген ойға емес екендігі анық. Олай болса, біз қазіргі қоғамдағы басқа идеологиялық популизмді жоққа шығаруымызға тура келетін боламыз. Ол – тарихи бәстегі көшпеліліктің қауһарсыздығы. Интеллигенцияның рөлі мен идеяларын мойындау арқылы, біз тарихи бәйгеде артықшылық беретін жалпыға ортақ құбылыстарды мойындаймыз. Демек, барлығын атқа салып, не аттың жолына қойып салыстыру тұрғысынан емес, біздің парадигманың жаңа сатыға көтерілуінің ортақ заңдылықтары туралы ойланатын боламыз.

Тарихи анализ шарттылықты қабылдамайды деген түсінік бар. Дегенмен, белгілі бір түрде альтернативалық жолды ойша елестету – шынайы болған құбылыстың мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Егер, мәселен, орыс мемлекеттілігі ХVІІ ғ. басында поляк интервенциясы мен агрессиясынан, немесе ХVІІІ ғ. шведтік корольдіктен жеңіліп, бағынышты жағдайда қалып, тұтастығы жойылды деп есептесек, ХVІІІ ғ. ортасында біз Цинь империясымен бірге-бір қалып, төтес бере алар ма едік? Немесе, ХІХ ғ. орай Ресей империясы Отан соғысында жеңіліске ұшыраса, біз өзімізді еуропалық жабайы колониализмнен сақтап қалар ма едік? Немесе, ХІХ ғ. Осман империясы деген дағдарысты, тығырықты тарихи проектің сателлитіне айналуудан аман қалар ма едік?

Біздің ескі ән ұранымызды мынадай керемет жолдар бар: «Талайды өткердік, өткенге салауат, Келешек ғажайып, келешек ғаламат!». Әрине, біз шынайы орын алған тарихта жапа

шектік. Дегенмен қазіргі мәселе келешек ғаламат болудың амалдарын қарастыру. Осы орайда халықтың тарихи азабы оның санасының қатерлі жолдарға емес, керісінше, ғаламат келешекті қамтамасыз ете алатын дәрежеде бекуі қажет. Біздің тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен аман-сау қалғанымыздағы тәжірбиенің позитивті функциясы осыда болмақ.

Бұл дегеніміз Ресейге жығылайық, өзімізді толыққансыз сезінейік, фрустрацияға бас салайық, маңдайына сәтсіздік жазылған бейбақтарша көңіл-күйге ұрынайық деген сөз емес. Тек қана біздің тағдырымыз тікелей басқа күштерге тәуелді болмайтындай сапаға көтерілу. Ал оның бастамасы – бүгінгі елдігіміздің психологиясында. Мұндағы басты қортында өткенге салауат білдіре тұра, қазіргі шынайлықта күш жинау.

Қандайда бір ұлт өзін қалай түсінеді, әлеммен де сондай сапада қарым-қатынас жасайды. Біз қандай ішкі сапаға ие боламыз, әлемді де сондай күйге өзімізге қаратамыз, немесе өзіміз әлеммен біздің сапа мүмкіндік беретін дәрежеде қатынасамыз. Яғни, біз шалбарымыздан атып шығып, ілесуші, не өзінің тұрақтанған елдік екенін дәлелдеуші посттравматикалық комплекс тұрғысынан танытатын болсақ, онда алдыңғы қатардағы әлем бізді өз шыңынан бұртана ретінде танитын болады. Ал егер толыққандылыққа ұмтылсақ, онда біз нағыз индивидуалдылық пен еркін шығармашылыққа қол жеткіземі.

Ф.Фукуяма Кеңес Одағы құлаған уақытта «тарих аяқталды» деп жар салған аңқаулықтан аулақ болып, алдағы уақытта бізге міндетті түрде күшті тарихи ішкі сапаның қажеттілігі міндетті түрде туындайтынына қарай қомдануымыз қажет. Бұл тұрғыда тарих аяқталған жоқ, немесе бір күйде қатып қалған емес. Тарих әрқашан қызу жүреді, және сындарлы таңдау уақыты келетіні анық. Яғни, міндетті түрде тарихтың дөңгелегі тағы бір рет жылжиды, сол кезде біздің сәтті, не сәтсіз тарихи құбылыс екеніміз анықталады. Осы үшін біз тарихи жеңіліс уақытын талдаған кезде, түсініктердің орнын ауыстырып, көшпелі қазақтың мәдениеті жоғары болған деп жанға ауыр сұрақтан сытылмай, бұл екі категорияны бөлек қарастыруымыз қажет. Сонда ғана тарихтың басты мақсаты орындалмақ: бүгінгі күнге, сол арқылы болашаққа деген конструктивті ықпал.

Көшпеліліктің ең басты объективті кемшілігі, отырықшылыққа қарағанда өзінің инновациялық потенциалын бірінші болып тауысуында. Бұл көшпелі халықпен саналы, әдейі таңдалған кемшілік емес, көшпелілік үшін объективті заңдылық.

Көшпелі қоғам әлеуметтік прогресс шкаласында өте баяу көтерілді. Оның өндірістік күштері баяу дамыды. Көшпелі өмір салтының ер-тоқым, ауыздық, жүген, арқан және тағы басқа көшпелі өмір құралдары көптеген ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы ерекше өзгерістерге ұшырамады, сонымен қатар ет-сүт бағытындағы малдың өзі сол күйінде қалды деуге болады.

Көптеген зерттеушілер әртүрлі тарихи кезеңдерде көшпелі малшылардың экономикалық формалары мен дәстүрлерінің тұрақтылығын атап өтеді. Көшпелі малшылардың тамақтану сипатында да ешқандай өзгерістер болған жоқ. Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Ә.Х. Марғұлан қазақтардың көптеген әдет-ғұрыптары, мысалы, құдандасу, әменгерлік, аманат, құн төлеу, әртүрлі жиындарда қонақтарды дәрежелер бойынша отырғызу тәртібі, адам қайтыс болғаннан кейін жоқтау айту секілді дәстүрлер қыпшақтар, оғыздар мен ғұндар дәуірінен бері бар деп есептейді. Ә.Х. Марғұлан сонымен қатар ең шұрайлы жайылымдар мен маршруттардың ғасырлар бойы өзгермегенін де айтады.

Қазақтың көптеген әлеуметтік және тұрмыстық әдет-ғұрыптары, мысалы, жайылымдарды жазғы және қыстайтын жерлерге бөлу, әртүрлі тұрмыстық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтай отырып, көшпенділердің көшу тәртібі, ежелгі ғұндар, үйсіндер, оғыздар мен қыпшақтар дәуірінен бастау алады.

Қазақ халқының шаруашылық-мәдени парадигмасы өзгермеген. Проблемалық мәселелер болғанымен, олар тек осы парадигманың ішінде ғана туындап, оның қалыпты көрінісіне айналған. Сол арқылы көшпелі парадигмадан тыс мәселе туындамауынан, кез-келген сапалық өзгеріс мүмкін болмаған. Яғни, «жаңа мәселе/шарт – жаңа шешім мен өзгеріс» қағидасы орын ала алмаған.

Біз, мысалы, сақ мәдениетін көшпеліліктің ірі жетістігінің дәлелі ретінде алға тартамыз. Бірақ неге солай бола тұра сақ тайпалық бірлестігі тарихи сахнадан жоғалды? Себебі бұл тайпалық бірлестік келесі сатыға көтеріле алған жоқ. Сол кездегі барлық мемлекеттер құлиеленушілік негізде дамыды, бұл мемлекеттіліктің сол кезге тән келесі сатысы болды. Бірақ құл иелену мақсаттың өзі болған жоқ, ол тек динамикалық дамуды жүзеге асыратын құрал болды. Көшпелі шаруашылыққа құл еңбегі керек емес, себебі құлсыз да бұл шаруашылық формасы өз потенциалының максимумына жетіп, мал басын шаруашылық мақсаттың өзіне айналдырды. Сондықтан, көшпелі сақтар үшін динамикалық дамудың құралы ретінде не болар еді? Көшпелілер шаруашылығының аса мамандандырылған, біржақты әрі циклдік тұрақсыздыққа ие болғандықтан, оларға әрдайым отырықшы әлеммен сауда байланысы қажет болды. Сақтардан кейінгі көшпелілер үшін динамикалық даму стимулы ретінде өмір сүрген Ұлы Жібек жолының бұл тұрғыда көшпелілерге деген позитивті ықпалы болды. Ал Ұлы Жібек жолы сөнгенде қандай жағдай орын алды?

Әрине, мәдени жетістіктер дегеніміз жақсы. Бірақ, жекелеген жетістіктер экономикалық-әлеуметтік системалық деңгейге ие болмаса, онда даму да болмайды. Біз білетін көшпелі мемлекеттер тарихы соған дәлел. Көшпелі мемлекеттер көшпелі шаруашылық түрін, содан туындайтын саяси формацияны сақтау арқылы көп өмір сүре қоймаған. Көшпелі мемлекет, көбінде, стихия секілді: тез пайда болғанымен, өзінің формациясының кесірінен, пайда болған ауқымды жерге иелік ету үшін бастапқы инерциясы жеткіліксіз болып қалады.

Тарихи сахнада тәуелсіз мекендеудің басты талаптарының бірі динамикалық дамуда. Экономика – қоғамның моторикасы. Экономикалық қажеттілік тұтас әлеуметтің переформатизациясына алып келеді. Қазақ қоғамында экстенсивті шаруашылықтан интенсивтіге өтуге «сын» немесе «мотив» жоқ болды. Сондықтан көшпелі қазақ халқы өз голоморфизмін өзгертуге тырыспады. Көшпелі шаруашылық ауыр еңбек пе? Иә. Бірақ шаруашылықтың ауырлығы оның прогрессивтілігіне тең бе? Жоқ. Қазақ халқы көшпелі шаруашылықтың жоғарғы кернеулерін асып өткенде, жаңа циклді бастап отырған. Яғни, шаруашылықтың циклдік ауыртпашылықтары «өзінен-өзі асу» факторы болмаған.

Нарықтық қажеттілік, кең масштабтағы сауда қатынастары жоқ болғандықтан, прогресске деген ылғи да серпін беруші стимул болмады. Стимул жоқ кезде мал мақсаттың өзіне, өндіріс объектісіне айналып, пассивті рөл атқарды (құн, айып төлеу). Ал динамикалық қозғалыс кезінде артықшылық сирек жағдай болғандықтан, табыстың басым мөлшері ертеңгі күннің еншісіне жұмсалады. Қазақ қоғамындағы шаруашылық, одан келе әлеуметтік стагнация бай топты өзара сайыспен шектелуге әкелсе, бай емес топты бай топқа қызмет көрсетіп, оның дастарханынан өз нанын үзіп алып күн көрумен шектеген.

Көшпелі адам көшпелі шаруашылықтан асатын рационалды-қолданбалы дүниелер туралы ойланбаған. Себебі мұндай ой қажеттілік пен серпінсіз пайда бола алмайды. Мал көшпелі үшін еңбек құралы да, еңбек объектісі де, қозғалмалы капитал да болды. Кең өндірістік-экономикалық қажеттілік жоқ болғандықтан, кез келген жақсарудың көріністері тұрмыстық деңгейде қалып қойған.

Көшпелілерде шығынға есеп болмаған. Ал есеп, біз білетіндей, рационалдылықтың бастамасы болып табылады. Оның үстіне, көшпеліге есептің де қажеті жоқ болған. Себебі көшпелі өмір ылғи өз арнасына қайта келуші деп саналған, көшпеліге малды есепке салу үшін экономикалық қажеттілік болмады, малдың жұмсалудағы жалғыз себеп күнделікті ас пен дәстүрлерді молшылықпен орындауда болды. Бұл жағдай патриархальді психология мен утилитарлы қажеттілік парадигмасына алып келді. Қазақ жақсы нәрсе көрсе «қалай?», «қайдан?» деп сұрамады, себебі көшпелі салт әртүрлі себепті алға тартып дайын өнімді сұрап алуға мүмкіндік берді. Өз кезегінде қазақ қоғамының конфликтологиялық қырының біршама бөлігі осындай психологиядан туындап отырған деп айтуға болады [4, 68 б.].

Адам табиғаты әдеттегі, үйреншікті, қалыптасқан дүниелерді өзгерткісі келмейді. Тек қана төтенше қажеттілік, шарасыздық пен таршылық оны қалыптасқан қажеттілікті бұзуға

мәжбүр етеді. Халық әрқашан дәстүрлі парадигманы өзіне әлдеқайда жақын көреді. Ол бұл тұрғыда өз голоморфизміне берік байланған. Шаруашылықтың көшпелі түрі де малды экстенсивті шаруашылықта ұстау қажеттілігінен туындады. Кез-келген халықта оның өзі қабылдаған шаруашылық және тұрмыстық нормалары қажеттіліктерден туындайды. Көшпелілер географиялық-климаттық жағдайға бейімделіп, өзінің өмір-салтын қалыптастырғаннан кейін, көшпелі өмір қаншалықты қиын болса да, халық оны бұзғысы келмеді. Көшпелі халық жалпы заңдылық бойынша өзіне оптималды өмір сүру жолын таңдады, яғни, бейімділік минимумына қанағаттану үрдісі [4, 59 б.].

Көшпелі мал өсірушінің бүкіл өмірі мен шаруашылық циклі қоршаған табиғи жағдайларға үнемі бейімделу мен жауап қайтару болып табылады. Көшпелінің күнделікті тұрмыс заттарынан бастап, өмір салтына, әдет-ғұрпына, дәстүріне, материалдық және рухани мәдениетіне дейінгі көріністердің барлығы көшпелі шаруашылықтың сипатынан туындады.

Нарықтық сұраныс пайда болған кезде, көшпелілерде ең жақсы мал тұқымына: жүйрік әрі төзімді жылқыға, шыдамды әрі көп жүк аса алатын түйеге, семіз құйрықты қойға, жүнді қойға селекция жолымен қол жеткізуге тырысатын болады. Егер мұндай қажеттілік көшпенділер арасында үнемі болып тұрса, олар уақыттарын алаңсыз өткізбей, күндіз-түні еңбек процессінде болар еді, мал тұқымын қалай жақсартуға болады, қалай жан-жақты табыс табуға болады, мал өткізуден, шикізат пен дайын бұйым өткізуден жоғары табысты қай жерден алуға болады, қалай жоғары сапалы бұйым жасауға болады деп ойланар еді. Бұл алға жылжуға стимул болар еді. Бірақ көшпелілерде мұндай тұрақты факторлар болған жоқ.

Нарық сұранысы болмаған жағдайда көшпенді алаңсыз өмірге риза болып, шаруашылықты дамыту бағытында еңбек етпеді. Оған жай ғана мал басының неғұрлым көп болғаны жеткілікті болды. Жайрақаттылық көшпелі адамды мал басын мақсатсыз ысырап ете бастағанына әкелді. Өртүрлі жиындарда молшылықты ысыраптаудан өзіндік нәтижесіз бәсекелестік пайда болды. Мақсатсыз молшылық, стагнация мен регресс белең алды. Ірі нарықтардың болмауына байланысты қазақ байлары патриархалды сипатта болып қала берді. Көшпелілердің қажеттіліктері күнделікті тұрмыстық сипатта болды.

Қазақ өзінің көшпелі өмір салтына риза болды. Оның барлық романтикасы көшпелі өмір шеңберімен: өлшеусіз дала, жайылымдық мал, күнделікті жұмыстан тыс өмірмен шектелді. Әрине, табиғи және әлеуметтік катаклизмдер (соғыстар, аштық, эпидемиялар) болып тұрды. Бірақ мұндай жоғары кернеулі сәттер өтіп, өмір бұрынғы бағытына оралып отырды. Ол көшпенділіктен гөрі өмірді басқаша, ұтымды, жақсы етіп ұйымдастыруға болады деп ойламады, мал шаруашылығын қалай өркендету керектігін қарастырған жоқ. Мұндай сұранысты тек қана нарық жасай алады. Бірақ мұндай сұраныс көшпелі мал шаруашылығы жағдайында болған емес. Мал тұқымын жақсартуға деген кішкене ұмтылыс тар қажеттілікпен шектелді. Өндірістік және экономикалық қажеттілік кең мағынада туындаған жоқ. Мал басы табиғи түрде көбейді, бірақ көшпенді қазақ оны үнемсіз жұмсады [4, 62 б.].

Қоғамдық сананы екі деңгейге бөліп қарастыруға болады, ол: төменгі және жоғарғы. Төменгі саты кәдімгі бұқаралық сана деңгейінде өмір сүреді, онда халықтың орасан зор тарихи жадысы, олардың мыңжылдық өмірлік тәжірибесі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері ғана емес, сонымен қатар көптеген әр түрлі нақылдары, рәсімдері мен тыйымдары бар. Мұның бәрі дана ойшылдармен айтылып отырады (шешендер, билер және т.б.) [4, 68 б.].

Қазақ халқы ұжымдық сана деңгейімен әлеуметтік бірлікті сақтады. Бұл оның архаикалық шаруашылық формасына, консервативті әлеуметтік құрылысының нәтижесі болды. Сол себепті де қазақ халқына экономикалық дамумен бірге келетін келесі сатыға шыға алмады. Экономиканың дамуымен әлеуметтік қатынастар да күрделенеді. Біріктіруші күшке күрделі еңбек бөлінісі айналады. Бұл күш адамдар арасындағы тәуелді қарым-қатынастарды тудырады. Дәстүрлі иерархиялық қатынастар бұл жағдайда дәстүрлі қоғамға қарағанда ресми-заңнамалық орнында емес, рухани-тұрмыстық салаға ығысып, ресми, формальді, шаруашылық қатынастарында басқа критерийлар қалыптасады. Әрине, мұның өзіндік проблемалық тұстары бар болғанымен, бұл қатынастардың экономикалық дамумен келетіні амалсыз болып табылады [5, 92-93, 96-98 б.].

Теориялық-танымдық деңгей дүниетанымның жоғарғы сатысына жатады. Бұл қоғамның даму тенденцияларын анықтаумен, ненің экономикалық тиімді және ненің пайдалы еместігін, прогреске қарай қозғалыс болу үшін өмірді қалай реттеуге болатындығын түсінумен байланысты. Қазақтың көшпелі қоғамы теориялық және когнитивті дүниетаным қажет болатындай деңгейге көтеріле алмады. Мұның бір себебі – нарықтың жоқтығы.

Нарық сұраныс пен ұсынысқа негізделгені белгілі. Бұл қоғамның ежелгі тоқырауын бұзатын, оны қозғалысқа келтіретін қуатты фактор. Бірақ қазақ қоғамында ауқымды сұраныс та, ұсыныс та болған жоқ. Қазақтың көшпелі қоғамы негізінен натуралды шаруашылыққа негізделген. Қазақ өзі жасағанды өзі тұтынып өмір сүрді.

Қазақ ойшылдарының тұжырымдарында теориялық және когнитивті мәселелер туындаған жоқ. Қазақ философиялағанды жақсы көрді, бірақ оның философиясы күнделікті сана деңгейінде қалды. Оның қалыптасқан философиялық мектебі болған жоқ. Қазақтың философиялық ойы өзінің ата-бабаларының күнделікті дүниетанымын жалғастырды. Ғылыми қажеттіліктің болмауына байланысты ол күнделікті мәселелермен шектелді. Халықтың философиялық, қоғамдық-саяси, ғылыми және өндірістік таланты ғасырлар бойы тежеліп келді.

Нарықтық қажеттіліктердің аздығына байланысты қазақ ауылдарында рухани қажеттілік өсе бастады. Қазақ арасында шешендер, билер, жыраулар, жыршылар көп болғандығы сол себептен кездейсоқ емес. Прогреске деген табиғи қажеттілік толық қанағаттандырылмады, тек біржақты болды. Бос уақытын өткізу үшін ешнәрсе істемей, қазақ ауыз-екі халық шығармашылығын дамытты [4, 69 б.].

Адам белсенді еңбек процесіне қатыспаса, моральдық тұрғыдан стагнацияға ұшырайды, идеологиялық тұрғыдан кедей болады, психикалық регреске ұшырайды және оның қоғамдық әрі рухани бет-бейнесі өзгереді. Белсенді еңбек жоқ болғаннан соң, нәтижесінде пайда болған рухани бос орынды толтыруды қалайды. Бірақ қазақ халқы рухани қажеттілікті қолданбалы білім көзінен ала алмады. Сондықтан көшпелі малшы әртүрлі ойын-сауықтарға жаңалықтарға, ақпараттарға деген рухани шөлін басу үшін қатысып отырды.

Өкінішке орай, қазақ халқына берілген шығармашылық-қияли қабілет біржақты, тек таза ақыл-ой саласында, өндірістік мәселелермен байланысты емес салада дамыды. Бір қажеттілік сөніп қалған кезде (біздің жағдайда – дамудың қажеттілігі), басқасы дамиды (біздің жағдайда – бос әңгіме), басқа интеллектуалды арнаның қақпалары ашылады. Яғни, қазақ халқына еңбек арқылы келетін таным бос болып қалды да, бірақ бұл вакуум ауыз-екі шығармашылықпен толтырылды.

Дегенмен, өмірдің келесі бір заңдылығы, егер жақсы, дана нұсқаулар адамгершілікті жетілдіруден аспай, реакциялық өмірден бас тартуға және прогреске ұмтылуға итермелемесе, онда бұл рухани күштерді ысырапталуы болып табылады. Мұндай заңдылықты көшпенді қазақ байқады ма? Жоқ. Әйтпесе ол өзінің тағдыры туралы ойлаған болар еді. Қазақ бұл туралы қатер төнген жағдайларда ғана ойлады. Оның өзінде қатерлі жағдай туындаған кезде қазақ болашаққа көз тастау мен оны ойдан өткізу, өзгеріс жасау тұрғысынан емес, кернеулі сәтте өзін-өзі сақтау инстинкті тұрғысынан ойлады. Осындай сәттерде барлық қазақ жүздері мен рулары ортақ жауға қарсы күресте бірікті. Бірақ қауіп өткен бойда олар ауылдарға тарап, қайтадан өздерінің ежелгі шеңберлеріне оралып, ата-бабаларының мыңдаған жылдар бойы жүргізген өмірін жалғастырды, проблемалық мәселелер мен таршылықта, қауіп қыспаққа алған кездегі ойлар кернеуді асып өткенде қазақ халқының ойынан көктемгі самал желмен шығып кетіп отырды.

Жаңа прогреске деген үлкен нарықтық сұраныс болмаған кезде, дәстүрлі парадигма адамдар санасында үстемдік құрған кезде, шығармашылық ой тек сөз аясында ғана бір жақты дами бастады. Руханият саласында көшпелі малшылар өз мүмкіндіктері шегінде ең жоғарғы жетістіктерге жетті. Ірі өндірістік, экономикалық, сауда-экономикалық қажеттіліктің болмауы халықтың дәстүрлі жолмен, оған ешнәрсе енгізбестен, ескіні бұзбай, жаңасын алмастан өмір сүруіне алып келді. Адами потенциал күнделікті қарбаласта босқа кетті.

Бей-берекеттілік нарықтық қатынастарға қайшы келеді. Көшпелі мал шаруашылығы қазақ үшін бақыт болды. Ол ауыр еңбектен бос болды және өз уақытын еркін басқара алды. Қазақ бұл жағынан неолиттік төңкерісті ұзақ уақыт саналы түрде айналып өтіп, тым көп ауыр еңбекті қажет ететін аңшылық-терімшілік рахатын қимаған танзаниялық хадза тайпасына ұқсайды. Бушмендер болса тіпті неолиттік төңкерістен етегін аулақ салып, өздерінен «Айналада сонау көп монгомонго жаңғағы өсіп тұрғанда, неге біз егін өсіруіміз қажет?» деп риторикалық сұрау алады екен [4, 42 б.]. Дәл қазіргі күндегі қажеттіліктерді қанағаттандыратын оптималды өмір сүру дағдысына берік болуға келгенде, көшпелілік салт жоғарыда айтылғандай, аңшылық-терімшілікпен психологиялық тұрғыда ұқсас болып келеді.

Көшпенді ертеңгі күн туралы, мал өсірудің интенсивті түріне көшу туралы ойлаған жоқ. Ол мыңжылдық көшпелі өмірге риза болды. Оны көршілердің, прогреске ұмтылған басқа халықтардың өмірі қызықтырмады. Оның армандарының шегі – көшпелі өмірдің шеңберінде ғана болды. Көшпелі мал шаруашылығы жағдайында қазақ үшін әлем бір жерде қатып қалғандай болды.

Сонда, ауыл тұрғындарының бос бөлігі немен айналысты? Мардымды ештеңемен. Бос уақыттарын нәтижесіз өткізгеннен басқа, олар тағы не істей алды? Көшпенді өндірістік процестің қоғамдық және өндірістік қажеттілігін сезбеді. Осылайша көшпенді қазақта нақты өндіріс пен тауар қатынасы, нарық болмағандықтан, дана сөздің айналымы іспен бекітілмегендіктен, даналық бос сөзге, демагогияға айналды.

Алаңсыз көшпенді бір топ басқа көшпелі ерлермен атқа мініп, ауылдарды айналып, ойын-сауық іздеді. Барлық үй жұмыстары әйелдердің мойнына ауыр жүк болып артылды. Көшпелі ауыл бос жүрген жастардың ауылға қонақ болып түсуін жақсы көрді. Олардың арасында әншілер, музыканттар, ақындар, керемет ертегішілер болды. Олар көшпелі ауылдың біртектес өміріне жаңалықты, көңілді енгізді.

Жылы ықыласпен қабылдау, халықтың сүйіспеншілік танытуы ауылдан ауылға ауысуға тырысқан ерікті өнерпаздарды шабыттандырды. Бір жағынан, күнделікті жұмыстан оқшаулануы, екінші жағынан, рухани қажеттілік, көшпенділер арасында осындай өмір салтын тудырды. Бірақ бұл өнерпаздардың өз отбасысы, шаруашлығы болды, бірақ бұл олар үшін аса маңызды болған жоқ. Себебі көшпелі өмір үшін әрбір адамның еңбек етуі маңызды шарт болған жоқ. Сол себепті де қазақ халқы кез келген себеп бойынша мереке ұйымдастыруға құмар болды.

Көшпелі қоғамның шаруа қожалықтарын қарқынды жолмен дамыта алмағанына, бір циклді қайта-қайта қайталап, шаруашылықтың интенсивті формаларынан ауыспағанына объективті және субъективті себептер болды. Біріншіден, өндірістік, экономикалық қажеттіліктер болған жоқ, бүкіл өмір салтын қайта құруға қабілетті үлкен нарық болған жоқ. Екіншіден, көшпенділік Қазақстандық географиялық жағдайда (бірақ тарихи жағдайда емес) ең оптималды шаруашылық формасы болды. Ол аз еңбек шығындарын қажет етті, жыл бойы табиғи жайылымда өмір сүрген малға жем-шөп қажет болмады. Үшіншіден, көшпелі мал шаруашылығы жағдайында ауыл ерлерінің көпшілігі мал ұстаудың күнделікті күтімінен босатылды. Мұндай алаңсыз өмір көшпелілерге жағымды келді. Олар өздерінің өмір салтын, шаруашылық нысандарын өзгерту туралы ойлаған жоқ [4, 56-57 б.].

Қазақ көшпенділерінің перспективасыз тағдыры туралы ойлана отырып, В.Даль XIX ғасырдың 30-шы жылдарында жанымен тебірене тұра былай деп жазады: «Может быть, другой Суворов, Кир, Кант, Гумбольдт сгинули и пропали здесь, сколько скованный дух ни прорывался на простор». Қазақтың шешендері, жыраулары, билері адамзаттың рухани игілігі үшін қызмет ете алатын көлемдегі тұлғалар болғаны сөссіз. Басқа бір еңбегінде В.Даль тағы бір риторикалық сұрақтар қояды: «Сколько великих ученых, полководцев, поэтов скрыто до поры в этих людях, то отчаянно стремительных, то задумчиво-неподвижных? И когда придет их пора? Кто расскажет о них, об их степных дорогах, о дальних аулах, о девушке Маулян, с голосом птицы и птичьими перышками на шапке?»

Қазір біз идеологиялық бұрылысты жариялап, көптеген жоғары түсініктер туралы айтып жатырмыз. Модернизация, адами капитал, адами потенциал, прагматизм,



бәсекелестік... Алайда, қандайда бір рухани проблемалық мәселелерге келгенде, біз әуелден «күлдық сана» дегенді аса жақсы көріп айтамыз. Солай айта тұра біз өзіміздің кертартпа қасиеттеріміз кеңес дәуірімен басталғандай идеологиялық жаңылуды қабылдаймыз да, өзімізге объективті түрде қарай алмаймыз. Оның бір көрінісі қазіргі қоғамда қалыптасқан «бір кездері болған, бірақ кеңес дәуірінде ұмытылған идеал ата-бабалардың бейнесі». Бізге 70 жыл өмір сүрген «кеңес адамының» санасы мыңжылдықтармен қалыптасқан архетипті бірден жоққа шығарғандай болып көрінеді.

Қазақ халқы өзінің табиғи өмір сүру қалпына орай оптималды қасиеттерді тудырған болатын. Бірақ, жаңа заман біз үшін мүлде басқа талаптырды қойды, бізден мүлде басқа қасиеттерді қажет етті. Дәл осы қажет прагматизм, адами потенциал және тағысын тағылар қазақ халқының табиғи өмір сүру қалпымен қиылыспайтын, тіпті қазақ шаруашылығы, одан туындаған дүниетанымы мен болмысына қарама-қарсы түсініктер болып табылады. Көшпелі дала мұндай құндылықтар, приоритеттермен өмір сүрген емес, дегенмен заман талабы осылай бізге сын болды, өз ағымында сәтті болу үшін осы сапалар қажет болатын шарттарды қалыптастарды. Сәйкесінше, қазақ халқы үшін бақыт болған өмірлік әрі рухани қалып заман өзгерген уақытта біз үшін қасіретке айналды. Демек, біздің қасіретіміз біздің қадір-қасиетіміздің тікелей жалғасы болды деген сөз. Яғни, жаңа заман біздің оған сәйкес келмейтін қырымызды ашты деуге болады. Бұның XIX ғ. II жартысында өз апогейіне жеткен сипатын Абай өз қара сөздерінде аса орынды қортындылаған болатын.

Мәселенің осындай тереңдігін жоққа шығарып, «кеңес адамы» деген феноменнің болғанын мойындау арқылы біз «қазақ рухы» деген феноменнің болмағанын бекітеміз. Неге? Себебі кеңес адамы феномені аз уақытта өміршең әрі кіршіксіз болған қазақ рухын ығыстырса, онда бұл рухтың өзі примитивті, примитивті қауым арасында қалыптасқан болып шығады. Қазіргі идеология бойынша кеңестік адам бейнесі қазақ рухын толық жұтып қойды, сондықтан қазіргі таңда қазақ рухы жоқ, сәйкесінше, керітартпа қасиеттер де қазақтыкі емес, күлдық сана болып отыр. Егер осыны меңзеп тұрсақ, мейлі.

Сонымен қатар идеал ата-бабалардың бейнесі де постколониалды бұрмаланған көрініс болса керек. Өйткені жоғарыда айтылған модернизациялық ойдың болмауы, адами капиталдың бұғалуы, адами потенциалдың біржақты дамуы, прагматизмнің болмауы, бәсекелестік емес, дайын асқа тік қасықтықтың, көрсеқызарлықтың, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен қалағанға жету секілді қасиеттер «күлдық сана» емес, стагнацияға ұшыраған қазақтың санасы. Нәтижесінде архетиптік проблемалық мәселелер кеңес дәуірінде бізді рухани тежеу үшін пайда болған қасиеттер емес, қазақтың өз ішінде объективті қалыптасқан қырлары.

Оның үстіне, Абай Құнанбаевқа 150 жыл деп тамақ жырта жар сала тұра, әлі де «күлдық сана» деген жыртылып бара жатқан қасетаны ойнату, менімше, жалаңаш тұрып айтылатын агитация болып табылады. Егер біз Абай Құнанбаевтың 150 жыл бұрын байқап, саралап кеткен рухани мұрасын өзімізге қолданып, қоғамға серпін бергіміз келсе, жемеге келгенде артқа басып, Абайға ұқсап бағып емес, қалыпты өзімізге ұқсап барып сөз айтатын болсақ, ауаны бос сілкіндіргендей боламыз.

Бұл тұрғыда мәселе көшпелілік архетип әрқашан зиян болған, о бастан қасіретті деген сөзді білдірмейді. Көшпелі дала өз жүйесімен әлемде сәтті өмір сүріп, өз орнын негіздей алуға шамасы сай болған уақытта оның архетипі басқа мәдени өңірлердің фонында үйлесімді көрінген болатын. Ал өзін-өзі жүзеге асырудың түрі өзгергенде, жаңа парадигмада ең алдымен көшпелілік архетиптің негативті, осы үрдіспен үлеспейтін қырлары алға шығып, айқын болып көріне бастады, өткірлікке ие болды. Абай да мұны байқады, және кейінгі алаштықтардың «Оян, қазақ!» деп жар салуы да жаңа заманға бейімсіздік реакциясын көрсеткен көшпелі архетипті бір сілкіндіріп алу үшін болды.

Деформацияланып қалыптасқан түсінік және содан туындаған тұжырымдар мен әдістер біздің дәл қазіргі әрі болашақ уақытта алыстағымз келеін тағдырға алып келеді. Біздің сезімдеріміз бен наныммыз шынайы, өзімізге деген тек оң ниеттен туған болуы мүмкін, бірақ осы ниетімізді жүзеге асырудың қате түсінігі мен біржақты санадан туған

икемсіз жолдар дағдарысты жағдайларға ғана алып келеді. Бұл тұрғыда біздің тәуелді болған ел ретіндегі озық елдерден артта қалушы мен бізді тәуелді еткен елмен салыстырғанда өзімізге моральді салмақ жинаушы комплекстеріміз біздің санамыздың ашықтығы мен дамуымыздың тежелуі болып көрініс бермек.

Осыдан, біздегі шынайылықта неге батыл, тәуелсіз шығармашылық жоқ деген сұрақтың жауабы табылып отыр. Себебі бізде терең толыққансыздық коплексі бар. Ол қалайша көрініс беруде? Өз-өзімізге сенбеу, өзімізді қабілетсіз санау, бізден артығы ойлап табылған, бізге тек өз шынайылығымызға көшіру керек деп ойлау, бізден артық ойлап табатындарға сену керек деп санауда. Шын мәнінде біздің өткенге деген мадақ сөздеріміз шынайы іске келгенде өз мәдениетіміз бен болмысымыздан ұялумен тас-талқан болып жойылу қауіпі бар. Бізге жеккөрінішті большевиктер енгізіп кеткен жарақаттанған санамыз үшін қазақ деген Абай нұсқап кеткен теріс қасиеттердің жиынтығы болып көрінеді. Біздегі ирония сол, біз өзімізден жеккөрінішті большевиктер оятып кеткен ұятпен ұяламыз, оның үстіне бның солай екеніне өзімізге есеп бере қоймаймыз.

Сондықтан, егер қазақты тарих ғылымында мадақтап, бұл мадақты іс жүзінде іске асыра алмасақ, қазақ ретінде біздегі шынайылықты жан-жақты қарастырып, қазақ жұрты үшін оптималды өзін-өзі жүзеге асыру қалпын жасай алмасақ, тарихтан не пайда? Өзімізде қабілет болмай, басқаларға барып бас салсақ, кеңестік тәжірбиені жек көргеннен не пайда? Шарасыз жұрттың тарихи абыройынан не пайда? Қазіргі ұрпақтың шарасыздығы – бабалар жасаған тарихты бірінші кезекте дискредитациялайды. Сөз іспен бекітілмесе, оның пайдасы шамалы. Большевиктерді жек көрсек, оң тәжірбиелерін алып, тың әдістермен жаңартайық, сөйтіп тек альтернативасыз, деструктивті жек көрмей, жақсырақ жасап, жаман болған дүниелерді жек көрейік. Себебі бос перспективаға ие бола тұра жек көру – тек қана ішкі деструктивке, идеялық тарлық, икемсіздік пен тозуға алып келеді. Жек көру мен теріске шығаруға ғана негізделген елде ішкі қауқар жоқ деген сөз, содан ол қоғамда идеологиялық энергия ретінде кері энергия қалыптасады. Бірақ кері энергияны тұтынып өмір сүруге болмайды.

Сонымен, осынау бір жанға ауыр, бірақ салмақты таным қалыптастыру үшін фундаментальді мәселені дұрыс талқылай алар болсақ, онда алдағы жүз белесті де ұтымды еңсере аламыз. Бұл біздің өз өміріміздегідей: бір ащы сабақ жүз жеңістен құнды, өміршеңділікті қалыптастыратын тәжірбие мен даналықты беруі мүмкін.

Ендігіде, «Мәңгілік ел» деген ұғымының қаншалықты орынды екеніне жауап берер болсақ, оның болашаққа бағдарланған идеологиялық рөлі бар деуге болады. Қазіргі заман идеологиялық шатасқан, ескірген концепциялардың қоғамдық талаптарға толығымен жауап бермейтін, адамдардың да талаптары сан қырланған заман болып отыр. Және бүгінде қатып қалған концепциялар арқылы тұтас елдің идеологиясын қалыптастыру мүмкін емес болып отыр.

Ал Қазақстан Республикасында мұндай идеологиялық негізді тарихи сабақтастықтан қасықтап алу маңызды болып табылады. Тарихи зерттеулерге сүйене отырып, терең мәдениет пен мемлекеттілік дәстүрдің бар екенін дәйектей тұра, көпшілік үшін далалық тарихи архетипті сезінуге мүмкіндік беру мақсаты орынды болып саналады. Егер салмақты мәрмәр тас тереңге қазылған темірқазыққа орнатылмаса, онда жел тұрғанда мәрмәр тас та құлайтын болады. Біздің сол темір қазығымыз – ол болашақ үшін терең архетипімізді негіздейтін дала тарихы болып табылады. Сол арқылы біздің халықта терең мемлекеттік сана қалыптасады және сабақтастық өз кезегінде өзіндік жаңа сапаға, жаңа заманда мемлекет ретінде өмір сүруге мүмкіндік беретін қасиетке алып келеді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Тойнби А. Постигение истории. М.: Айрис Пресс, 2002. – 640 с.
2. Маршалл С. Экономика каменного века. — М.: ОГИ, 1999. — 296 с.
3. Хазанов А. М. Кочевники и внешний мир. Изд. 3-е, доп. — Алматы: Дайк-Пресс, 2002. — 604 с.
4. Кшибеков Д.К. Истоки ментальности казахов. — Алматы: Дайк-Пресс, 2006. — 204 с.

5. Ритцер Дж., Степнички Дж. Элеуметтану теориясы [Мәтін] / ауд. Г.О. Әбдікерова, Д.К. Бұрханова, С.С.Серікжанова [ж.б.т.] – Алматы, 2018. – 758 б.

УДК 902/904

## ИНСТИТУТ БАТЫРСТВА У КАЗАХОВ В КОНТЕКСТЕ САКРАЛЬНЫХ ПАМЯТНИКОВ

Сәкен Ә.М.

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

*“ Батыр - это не просто сила,  
это ум, совесть и честь народа “*

Автор неизвестен

*Аннотация:* В статье рассматривается историко-культурный и социальный феномен - институт батырства у казахов в контексте сакральных памятников Казахстана, его роль и значение в воспитании патриотизма у молодежи.

*Ключевые слова:* Батыры, Институт батырства, Сакральные памятники, патриотизм.

*Введение*

Актуальность исследования заключается в значении института батырства в контексте сакральных памятников в изучении героических страниц истории борьбы казахского народа за независимость, а также в воспитании патриотизма у молодежи.

Целью исследования является изучение роли и значения института батырства в контексте сакральных памятников в истории и культуре казахов.

В работе были использованы методы научного исследования, выявления, сбора, систематизации, анализа и интерпретации сведений устной степной традиции, письменных памятников, документальных источников, научной и публицистической литературы, информационного материала интернет-ресурсов, нарративных источников (эпосов, преданий, легенд).

Основные результаты: рассмотрен институт батырства в казахском обществе на конкретных примерах памятников историко-культурного наследия и его роль в воспитании патриотизма у молодежи.

*Основная часть*

В кочевом обществе военная социальная прослойка заметно выделялась. У казахов, как и у других тюркско-монгольских народов, ее представителей называли «Батыр».

Институт батырства всегда являлся чем-то сакральным в казахском обществе. Батырство являлось важным элементом военной организации кочевых государств. В научной литературе исследования о батырах, их жизни и героических подвигах занимают особое место. Само понятие «батырство» в этих работах означает силу, мужество, честь, смелость. С древности титул «Батыр» присваивался любому человеку из любого социального класса независимо от его происхождения, основываясь только на его личных достижениях и подвигах в сражениях. Имеются десятки научных трудов, эпосов и легенд, на основе которых можно получить определенное представление о батыре в тюркско-монгольском обществе. История Казахского ханства – это и история войн за независимость. Недолгие годы мира врезались в память кочевников как нечто небывалое, как времена, когда жаворонки вили гнезда на спинах овец. Правда, такое время, судя по казахским преданиям, было только один раз – во время правления хана Тауке. Воевать был обязан каждый мужчина. А на войне, как любил повторять Б. Момыш-улы, есть лишь один закон: либо убить, либо быть убитым [1, с. 10-15]. И, чтобы не оказаться в числе последних, человеку приходилось быть умным, ловким, сильным, зорким, выносливым и терпеливым. Не зря о казахах XIX в., в немалой степени утративших свою воинственность, Т. Аткинсон писал, что «имея хороших офицеров, киргизы могли бы составить лучшую кавалерию в мире. Им присущи все качества, прославившие в истории знаменитые полчища Чингис-хана» [2].